



**Автор:** Мамирова Анаргүл Байсұлтанова

**Пән:** Биология

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Адам әрекетінің қоршаған ортаға әсері

**Тақырып:** 8.3.2.1 климат қалыптастырушы факторларды талдайды

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Ауа райы ұғымы мен оны құрайтын элементтерді біледі. Жекелеген элементтердің өлшеу жолдарын құралдарын қолдана отырып, көрсете алады, өз жұмыстарына талдау жасай алады.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: климат, ауа райы анықтамаларын ажырата алады, белдеулерді көрсете алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: климат қалыптастырушы факторларды ажыратып, мысалдар келтіреді. Кейбір оқушылар орындай алады: атмосфералық қысым белдеулерінің қалыптасу себептері мен тұрақты желдердің соғу бағыттарын сипаттай алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты арнайы лексика мен терминология: Климат Ауа райы атмосфералық қысым жел фактор Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы Климаттық белдеулер Картаға қарап, мен... екенін көре аламын Ортақ сурет ... тәрізді Бұған жатпайтындарға ... Солтүстік/оңтүстік/батыс/шығыс жарты шарларында ...байқалады
Бағалау критерийлері:	Климат қалыптастырушы факторларды, атмосфералық қысым белдеулерін біледі, қалыптасу заңдылықтарын түсінеді. Картада климаттық белдеулерді, тұрақты желдердің бағыттарын көрсете алады, қалыптасу заңдылықтарын түсіндіре алады.
Құндылықтарды дарыту:	Өзіне құрмет басқаға құрмет Сабақ барысында, мұғалім және оқушы бір-бірін тыңдайды және сыйлайды. Академиялық шынайылық Сабақ барысында өзара бағалау кезінде әділ бағалауды үйренеді. Өмір бойы оқу Оқушы практикалық тапсырманы орындау барысында өткен сабақтың білімін қолданады. Ынтымақтастық Жұптық жұмысты орындау барысында өзара байланысқа түсе отырып берілген сұрақтардың жауабын табады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ-ның әдістерін тиімді пайдалану, білім беру мен тәрбиелеуде BilimLand ресурстарын ұтымды қолдана білу
Пәнаралық байланыс:	Физика Жаратылыстану, физика, математика, химия, экология
Бастапқы білім:	Атмосфераның құрамы мен құрылысы, ауа райы ұғымы, метеорологиялық элементтер, метеорологиялық құрал-жабдықтар

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (7 минут)	<p>8 сынып 1. АКТ-ны қолдана отырып түрлі суреттер көрсетіледі. Сабақтың тақырыбы және қарастырылатын оқу мақсаттарымен таныстыру. BilimLand ресурсы Өз бетінше жұмыс № 2783. Климат құрушы факторлар және Қазақстан климатының қалыптасуы (C) Мәтінмен жұмыс. Оқушылар мәтінмен танысады. Мәтін туралы өз ойларыңызды айтыңыздар? 2 BilimLand ресурсы Мұғалім басшылығымен жұмыс Климат құрушы факторлар атты BilimLand ресурсында орналасқан бейнежазба көрсетіледі № 2783 сабақ 3 (C) ауызша Мұғалім басшылығымен жұмыс Тақтадағы терминдерді анықтамаларымен сәйкестендіріп, мағынасын анықтайды. Оқушылар жұппен факторларға түсіндірме беруі керек, яғни әр фактор климаттың қалыптасуына қалай әсер ететінін түсіндіреді. Қалыптастырушы бағалау: - мұғалім бақылауы және комментарий; - жұптардың бірін-бірі бағалауы; - мұғалімнің кері байланысы. 4 BilimLand ресурсы Кескін картамен, уелестірмелі материалдармен жұмыс № 2783. Жауын шашын таралуын кескін картаға түсіреді QR code жасырылған тапсырмаларды скайнер арқылы анықтайды Жер шарындағы қысым белдеулерін белгілеп, жазу керек. Оқулық мәтінінен немесе интербелсенді тақтада көрсетілген суреттегі атмосфералық циркуляцияның заңдылықтарын талдайды және басым желдердің түрлерін анықтайды. Жұппен өзара талдайды. Бағалау критерийлері Дескриптор -атмосфералық циркуляцияның заңдылықтарын талдайды -басым желдердің түрлерін анықтайды. - Жұппен өзара талдайды. -атмосфералық циркуляцияның заңдылықтарын талдайды -басым желдердің түрлерін анықтайды. - Жұппен өзара талдау жасайды 4 Тақтамен жұмыс, уелестірмелі материалдармен жұмыс QR code жасырылған тапсырмаларды скайнер арқылы анықтайды Жұппен жұмыс. Мұғалім ауа райы күнделігінің үлгісін береді және үйде де жұмыс жасауға болатынын ескертеді. 1. Астана қаласындағы ауа райының он күннің немесе бір ай мәліметі оқушыларға беріледі. Тапсырма: А. Оқушылар ауа райы күнделігін жүргізеді. Кесте сызады және сол мәліметтерге байланысты мынадай тапсырмаларды орындайды: Б. Температураға қатысты: орташа температураны және орташа айлық температураны анықтайды.. тақтаға жазады. В. Амплитуданы есептейді Д. Ауа қысымына қатысты есептерді шығарады. Е. Ауа ылғалдылығына қатысты салыстырмалы және абсолюттік көрсеткіштерін қарастырады, есептейді, көрсеткіштердің әр түрлі болуын түсіндіреді. Ж. Климат картасындағы изотерма сызықтары туралы түсінеді /әр материктегі ең суық және ең жылы айлар табады/ Оқушылар мұғалім берген ауа райы кестесіне байланысты түрлі есептеулер жасайды. Тапсырманы орындау кезінде мұғалім атлас картамен жұмыс жасау жолдарын таныстырады. / Гималай тауында / Бағалау: Оқушылар бір-бірінің «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды. Бағалау критерийлері Дескриптор -Ауа райы ұғымы мен оны құрайтын элементтерді біледі. -Жекелеген элементтердің өлшеу жолдарын құралдарын қолдана отырып, көрсете алады, өз жұмыстарына талдау жасай алады 1. Ауа райы ұғымы мен оны құрайтын элементтерді біледі және түсінеді. 2. Жекелеген элементтердің өлшеу жолдарын құралдарды қолдана отырып, көрсетеді. 3. Өз жұмыстарына талдау жасайды.</p>	
Сабақтың ортасы (15 минут)	<p>4 BilimLand ресурсы Кескін картамен, уелестірмелі материалдармен жұмыс № 2783. Жауын шашын таралуын кескін картаға түсіреді QR code жасырылған тапсырмаларды скайнер арқылы анықтайды Жер шарындағы қысым белдеулерін белгілеп, жазу керек.</p>	
Сабақтың соңы (15 минут)	<p>Оқулық мәтінінен немесе интербелсенді тақтада көрсетілген суреттегі атмосфералық циркуляцияның заңдылықтарын талдайды және басым желдердің түрлерін анықтайды. Жұппен өзара талдайды.</p>	
Рефлексия (3 минуты)	<p>Барлық оқушылар істей алады: Климат және климат элементтерін ажырата алады. Ауа райы туралы нақты біледі Оқушылардың көбісі істей алады: Климат пен ауа райының айырмашылығын түсіндіре алады. Климат қалыптастырушы факторларды анықтайды. Кейбір оқушылар істей алады: Берілген жер бедері бойынша әсер ететін климат қалыптасушы факторларды сипаттай алады, түсіндіре алады. Ауа райы күнделігін толтырып есептеулерді нақты жүргізе алады.</p>	